

Қаулының күшін жою туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 476 қаулысы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 21 қаңтардағы Заңының 37-бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шардара ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 7 шілдедегі № 277 «Шардара ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 28 шілдеде № 3290 нөмірімен тіркелген, 2015 жылғы 7 тамызда № 33-34-35(642) «Шартарап-Шарайна» газетінде жарияланған) қаулының күші жойылсын.

2. Осы қаулының қабылдануына орай, қолданыстағы заңнамаға сай тиісті жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру аудан әкімінің орынбасары Б.Алиповке жүктелсін.

Аудан әкімі

К.Айтурсев